

«6D011600 – География» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Салбырова Макпал Токтарбекқызының «Географияны оқытуда ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолданудың теориялық және әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

«Қазақстан-2020» мемлекеттік бағдарламасында білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды толық жүзеге асыру және осы арқылы сапалы білімге қолжетімділікті арттыру деп көрсетілген.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту білім берудің бір бөлігі болып саналады. Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабақта компьютер, электронды оқыту құралдары, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, Online сабақтар арқылы іске асырылуда. Сонымен қатар, оқытудың жаңа әдістерін пайдалана отырып, оқу үрдісін ұйымдастыру мүмкіндігін беретін электронды оқыту құралдары да үлкен мәнге ие болуда.

Қазіргі білім берудің басты мақсаты жан – жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Сондықтан заман талабына сай оқыту үрдісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай жеке тұлға қалыптастыру мәселесі бойынша білім алушыларға ақпараттық - коммуникациялық технологияларды сабақта көптеп қолдану тиімділігі артып отыр. Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б. тіркестермен тығыз байланысты. Ақпараттық – коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электронды оқыту құралытарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

Бүгінде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты өзгерістерді бастан кешіріп жатыр. Қазіргі кезде қоғамның ақпараттық сипатқа ие болуы негізінде ғаламдық ақпараттық үдерістерге ілесуінің мәні зор. Сондықтан білім беру формалары мен әдістеріне деген көзқарас өзгере бастады. Осы айтылғанның бәрі М.Т. Салбырованың зерттеу проблемасының көкейкестілігін анықтайды.

М.Т. Салбырова *зерттеу барысында* географияны оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануды теориялық тұрғыдан негіздеу, әдістемелік жүйесін жасау және оның тиімділігін эксперимент жүзінде дәлелдей отырып ғылыми жаңалықтарға қол жеткізген. Диссертанттың электрондық оқыту құралын әзірлеу мен оның тиімділігін

эксперимент жүзінде тексеруі диссертациялық жұмысының практикалық маңыздылығын арттыра түседі.

Ұсынылып отырған диссертацияның құрылымы мен мазмұны оның тараулары мен параграфтарының бір-бірімен тығыз логикалық байланыста, ішкі бірлікті сақтай баяндалғанын көрсетеді. Ал бұл болса, докторанттың диссертациялық жұмыс жазуға аса жауапкершілікпен қарағандығын дәлелдейді.

М.Т. Салбырованың жарық көрген еңбектері талаптарға сай келеді. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын бақылау комитеті тізіміндегі басылымдарда – 3, халықаралық конференцияларда – 12 (шетелдік – 8), Scopus базасына кіретін журналдарда – 1 мақала жарияланған, жалпы саны - 16 жарияланым жарық көрді.

Жалпы диссертациялық жұмыс жоғары теориялық деңгейде жазылған және қолданбалы сипатқа ие, ішкі бірлігі бар жаңа ғылыми нәтижелерді жинақтайды. Диссертациялық жұмыс аяқталған, дербес орындалған ғылыми жұмыс болып табылады. Диссертант міндеттерді нақты қоя білуімен қатар, шешімін де дәлелді көрсете білген.

Сондықтан, Салбырова Макпал Токтарбекқызының «6D011600 – География» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Географияны оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың теориялық және әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

**Абай атындағы Қазақ
ұлттық педагогикалық
университетінің
профессоры, г.ғ.д.**

